

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«Менеджмент» кафедрасы**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. Л.Н.
ГУМИЛЕВА
Кафедра «Менеджмент»**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
“Management” Department**



**«ФОРСАЙТ ӘДІСНАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТТІҢ МЕНЕДЖЕРЛЕРІН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның
материалдары 6 мамыр 2021 жыл**

**Материалы конференции с международной научно-практической онлайн-
конференции: «ПРОБЛЕМЫ ПОДГОТОВКИ МЕНЕДЖЕРОВ
ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НА ОСНОВЕ МЕТОДОЛОГИИ
ФОРСАЙТА» 6 мая 2021 года**

**Materials of International Scientific and Practical online Conference
"PROBLEMS OF TRAINING MANAGERS OF INNOVATIVE ACTIVITIES
BASED ON THE FORESIGHT METHODOLOGY"
6 of May 2021**

НҮР-СУЛТАН, 2021

УДК 005
ББК 65.290-2
Л11

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Старший преподаватель кафедры «Менеджмент» Сейсинбинова А.А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 25 жылдығына арналған **«Форсайт әдіснамасы негізінде инновациялық қызметтің менеджерлерін даярлау мәселелері»** Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның материалдары - Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

Материалы с международной научно-практической онлайн-конференции: **«Проблемы подготовки менеджеров инновационной деятельности на основе методологии форсайта»**, посвященная 25 летию Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Materials of International Scientific and Practical online Conference "**Problems of training managers of innovative activities based on the foresight methodology**" dedicated to the 25 anniversary of L.N. Gumilyov Eurasian National University – Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021

ISBN 978-601-337-614-1

Халықаралық ғылыми-практикалық онлайн-конференцияның мақалалар жинағында Форсайт әдіснамасы негізінде инновациялық қызметтің менеджерлерін даярлаудың өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике статей международной научно-практической онлайн-конференции рассмотрены актуальные вопросы подготовки менеджеров инновационной деятельности на основе методологии форсайта.

In the collection of articles of the International Scientific and Practical online Conference, topical issues of the training managers of innovative activities based on the foresight methodology are considered.

ISBN 978-601-337-614-1

УДК 005
ББК 65.290-2
Л11

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021
© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021

2. В.П. Баранчеев Управление инновациями / В.П. Баранчеев, Н.П. Масленникова, В.М. Мишин. - М.: Юрайт, Юрайт-Издат, 2016. - 720 с.

3. Т.Б. Кочурова Стратегия управления инновационными процессами / Т.Б. Кочурова. - Москва: РГГУ, 2017. - 420 с.

4. С.П. Бараненко Инновационный менеджмент / С.П. Бараненко, М.Н. Дудин, Н.В. Лясников. - М.: Центрполиграф, 2017. - 288 с.

ӘОЖ 338.43

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАСЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Сейсинбинова Альмира Аскарбекқызы

«Менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан қ-сы, Қазақстан Республикасы
E-mail: almira.askarbek@yandex.ru

Аннотация: Мақала тамақ өнеркәсібі саласының мамандарын даярлаудың ерекшеліктері мен оларды дамытудың негізгі бағыттары айқындалған.

Түйін сөздер: тамақ өнеркәсібі, инновациялар, адами капитал, дағдылар, құзыреттілік

Еліміздің тамақ өнеркәсібінің қызмет етуі мен дамуы оның инновациялық бағдарлануын талап етеді. Бұл оның нарық пен оның негізгі қатысушыларына, субъектілеріне стратегиялық тұрғыдан қарауды негіздейді. Азық-түлік өнімдері өндірісіне заманауи, жоғары технологиялық инновацияларды әзірлеп, енгізу арқылы саланың бәсекеге қабілеттілік деңгейінің артатыны анық.

Тамақ өнеркәсібінің инновациялық әлеуетін дамыту және арттыру – ұзақ мерзімді сипаттағы стратегиялық міндет болып табылады. Бәсекелестік нарық заманауи инновацияларға ерекше талаптар қойып отыр (өнімдік, технологиялық). Жаңа инновацияларды пайдалану арқылы кәсіпорындар өндіріс шығындарын төмендетуі мүмкін – ал бұл нарықтағы үлесін ұлғайтуға, қосымша табыс алуға мүмкіндік береді. Инновациялар шаруашылық субъектілеріне бәсекелестік артықшылыққа ие болып, нарықтағы өз орнын сақтап қалуға ықпалын тигізеді. Инновациялық қызмет оларды жүзеге асыру бойынша сәйкес шаралар мен құралдарды қолданусыз мүмкін емес. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, инновацияларды енгізудің тиімділігі оның практикалық жүзеге асырылуына қатысты жекелеген мәселелерді ескеріп, олармен нақты жұмыс жасаудың негізінде артады.

Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының әлеуетін арттыру салаға жоғары білікті мамандарды тартумен тікелей байланысты. Инновациялық қызмет жаңа ғылыми-техникалық білімдерді қолдану арқылы өндіріс факторларының өзара

байланысын тәсілін қамтаасыз етуге бағытталған. Саланың бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру құралы ретінде салалық білім беру жүйесін қалыптастыруды атап айтуға болады.

Тамақ өнеркәсібінде қызмет ететін қызметкерлер мен менеджерлердің дағдылары мен біліктілігі құндылықтар тізбегіндегі жылдам өзгеретін технологиялық ортаның шарттарына сәйкес және бизнеске бағдарланған корпоративтік кәсіпорындар құрылымына өтумен байланысты талаптарға сәйкес үздіксіз дамытуды қажет етеді.

Дағдылар сұранысы мен ұсынысы арасындағы сәйкессіздік инновацияларды дамыту мен жүзеге асыру әлеуетін шектейді. Күн санап артып келе жатқан білікті қызметкерлерге деген қажеттілікті қамтамасыз ету үшін қайта оқыту немесе салалық білім беруді және оқыты бағдарламаларын үздіксіз түзетіп отыру қажет. Қазіргі таңда барлық елдерде мамандық бойынша дағдылар басымдылығын анықтауда сала бойынша стейкхолдерлерді тарту тенденциясы байқалуда.

Бүгінгі таңда шаруашылық басшыларынан кәсіпорынның ішкі және сыртқы адами капиталы мен біліми ресурстарын пайдалана отырып бірнеше салалардың өзара байланысын қамтитын кешенді бизнес-жоспарлар әзірлеу үшін кәсіпкерлік және цифрлық дағдылар талап етіледі. Қызметкерлердің біліктілігін арттырумен қатар, экономиканың басқа салаларының білімді, тәжірибе мен дағдыларды тарту тамақ өнеркәсібіндегі инновацияларды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Салаға жоғары білікті жұмысшы күшін тарту үшін тамақ өнеркәсібі саласын инновацияларға таптымды және кәсіпкерлік жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын сала ретінде дамыту қажет. Өртүрлі білімі бар білікті жұмысшы күшін тарту саладағы инновациялық процесті байытуға ықпалын тигізеді.

Сонымен қатар, аймақтық мемлекеттік органдар өндірістік, техникалық, бағдарламалық білімдерді дамыту бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуге жауапты болуы тиіс. Аталмыш білімді тарату бойынша кеңес берушілердің заманауи технология мен өнеркәсіптің жылдам өзгеруіне байланысты өз білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруды қажет етеді. Мемлекеттік кеңес беру орталықтарымен қатар баламалы коммерциялық кеңес беру қызметтерін дамыту тамақ өнеркәсібі мамандарының мамандандырылған кеңес беруге деген қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Көптеген ЭЫДҰ елдерінде тамақ өнеркәсібіндегі білімдерді тарату жүйесін анағұрлым сұранысқа негізделген, айқын және орталықсыздандырылған қызмет көрсету жүйесіне қайтақұру кезінде бірқатар кедергілерге тап болды. Мұндай жүйелерде жеке техникалық консультациялық қызметтер сала кәсіпорындарына мамандандырылған техникалық қызметтерді ұсынуда маңызды рөл атқарады, ал мемлекеттік кеңес беру қызметтері тұрақты өндірістік тәжірибені насихаттау және қиын жағдайға тап болған өндірушілерді қолдау сияқты қоғамдық мүдделер саласында маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік кеңес беру жүйелері көбінесе жергілікті жерлерде мемлекеттік саясаттың талаптары мен ережелерінің сақталуына жағдай жасайды.

Сонымен, тамақ өнеркәсібі саласында адами капиталды дамытудың негізгі бағыттарына төмендегілерді жатқызуға болады:

- Ауыл шаруашылығына білікті жұмыс күшін тарту үшін ауыл шаруашылығы салаларын неғұрлым тартымды ету және инновациялар мен кәсіпкерлік мүмкіндіктерге жол ашатын сала ретінде қалыптастыру қажет. Әр түрлі деңгейдегі білікті жұмыс күші осы саладағы инновациялық процесті байыта алады. Техникалық кеңес беру қызметтері сияқты жеке қызмет көрсетушілердің қол жетімділігін арттыру осы саладағы білікті кадрлардың ұсынысын арттырады;

- Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарындағы менеджерлерге қажет дағдылар мен біліктілік ауылшаруашылығы және азық-түлік өндірісі тізбектерінің тез өзгеретін технологиялық жағдайларына, сондай-ақ бизнеске бағытталған корпоративті құрылымдарға көшуге байланысты дамытуды қажет етеді. Сала менеджерлеріне тамақ өнеркәсібі саласы өндірісінен тыс, ішкі және сыртқы адами капиталды басқару үшін білім ресурстарын қолдана отырып, кешенді бизнес-жоспарларды жасау үшін кәсіпкерлік және сандық дағдылар қажет;

- Тамақ өнеркәсібі саласында білім мен кәсіби дайындықтың тартымдылығы мен өзектілігін арттыру таланттарды тартуда және еңбек нарығындағы дағдылардың ықтимал сәйкессіздіктерін жоюда шешуші рөл атқара алады. Жаңа технологиялар туралы хабардар болуы үшін қызметкерлерді үздіксіз оқыту қажет. Сала бойынша дағдыларға деген қажеттілікті анықтау және білім беру жүйесін жетілдіру үшін көптеген мүдделі тараптар қатысатын бірлестіктер құру мен бірлескен дамудың интегративті процестерін қалыптастыру қажет;

- Үкімет салада үздіксіз білімі мен кәсіби дайындығын қолдауды нығайтуда белсенді рөл атқара алады. Сала бойынша техникалық кеңес беру қызметтері бәсекеге қабілетті және ақылы қызметтерді ұсынуы керек.

Қорытындылай келе, жаһандық бәсекелестік жағдайында тамақ өнеркәсібінде сала мамандарын даярлау мәселесінің маңыздылығы арта түсуде. Саланың инновациялық деңгейге өтуі – 21 ғасырдағы өнеркәсіптік өндірістің дамуының объективті заңдылығы болып табылады. Инновациялық қызмет пен білім беру жүйесінің өзара тығыз байланысы, олардың өзара үйлесімділігі сала алдында тұрған бірінші кезекті мәселелерді шешуді қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Л.Д. Смыкалова, Д.Г. Туровец. Инновационная деятельность в образовательной подсистеме пищевой промышленности. Современные проблемы науки и образования. – 2010. – № 2 – С. 156-164.

2. Адил Ибраев. Казахстанская наука и инновации: трудный путь навстречу друг другу [Электронный ресурс]. – 2018. - URL: https://forbes.kz/process/science/kazahstanskaya_nauka_i_innovatsii_trudnyiy_put_na_vstrechu_drug_drugu/ (дата обращения: 5.11.2018)